

3. **Tatarskaya e'nciklopediya** [Tatar Encyclopaedia]. Kazan, KSU, 2014-2022, vol. 2, pp. 214-182. (In Russian)
4. **Parker E.Kh. Ty'syacha let iz istorii tatar** [A thousand years from the history of the Tatars]. Translation and comments by V.S. Mirzayanov, Kazan, Idel-Press, 2023, 288 p. (In Russian)
5. **Mahmud al-Kashgari Divan Lugat at-Turk** [Diwan Lugat at-Turk]. Translation, foreword and comments by A.M. Auezova, Almaty, Dijk-Press, 2021, 1288 p. (In Russian)
6. **Nurihan F. Drevnie yazy'ki mira v sopostavlenii s tatarskim: Istoriko-lingvisticheskie issledovaniya** [Ancient languages of the world in comparison with Tatar: Historical and linguistic studies]. Kazan, Idel-Press, 2019, 615 p. (In Russian)
7. **Benjamin S. Mericli Michael Bloodood. Annotating Gognates and Etymological Origin in Turkic Languages.** Ankara, Türik tarih kuriti, 2020, 482 p.
8. **Usmanov M.A. Tatarskie istoricheskie istochniki XVII-XVIII vv** [Tatar historical sources of XVII-XVIII centuries]. Kazan, izdatel'stvo KSU, 2022, 223 p. (In Russian)
9. **Bakirov M.H. Shigurijat bishege. Gomumtorki pojezijanen zharaluy ham in boryngy formalary** [Shiguriyat Dance. Creation of all-Turkish poetry and its ancient forms]. Kazan, Prosveshhenie, 2022, 343 p. (In Tatar).
10. **Ahmatzhanov M.I. Tatar kuljazma kitaby** [Tatar manuscript book]. Kazan, Tatar book, 2000, 270 p. (In Tatar).

Information about the author:

Minnegulov Khatip Yussupovich – Doctor of Philological Sciences, Professor-consultant, Kazan Institute of Philology and Intercultural Communication, Russian Federation, 420000, Kazan, 2 Tatarstan Str, tel.: 920130, e- mail: Khatip.Minnegulov@ksu.ru.

Миннегулов Хатип Юсупович – филология ғылымдарының докторы, профессор-кеңесші, Қазан филология және мәдениетаралық коммуникация институты, Ресей Федерациясы, 420000, Қазан қ., Татарстан көш., 2, тел.: 2920130; e-mail: Khatip.Minnegulov@ksu.ru.

Миннегулов Хатип Юсупович – доктор филологических наук, профессор-консультант, Казанский Институт филологии и межкультурной коммуникации, Российская Федерация, 420000, г. Казань, ул. Татарстан, 2, тел. 2920130, e-mail: Khatip.Minnegulov@ksu.ru.

XFTAP: 821.512.122:398

ӨОЖ 17.71.91

<https://doi.org/10.52269/RWEP2521237>

ТҮРКІ ӘЛЕМІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Мұратқызы М. – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ. Қазақстан Республикасы.*

Журсиналина Г. Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, филология және практикалық лингвистика кафедрасының қауымдастырылған профессордың м.а., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Алтыбаева А. Б. – гуманитарлық ғылымдарының магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Алдаулетова Ж. А. – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада түркі халықтарының фольклорындағы жетімдік мотивінің көрінісі қарастырылады. Жетімдік образы – халық ауыз әдебиетінде жиі кездесетін, терең мазмұнға ие әрі символдық мәні зор тақырыптардың бірі. Алайда бұл тақырып ғылыми тұрғыдан аз зерттелген. Түркі халықтарының мифтері, аңыздары, эпостары мен тарихи жырларында жетім қалған батырлар мен билеушілердің бейнесі ерекше орын алады. Мақалада осы фольклорлық кейіпкерлердің қалыптасу ерекшеліктері мен олардың тарихи тұлғалармен байланысы жан-жақты талданады.

Мақалада жетімдік мотивінің түркі халықтарының дүниетанымы мен әлеуметтік құрылымындағы рөлі анықталады. Халық шығармаларында жетім бала көбінесе қиындық көріп, қорлыққа ұшыраса да, кейіннен үлкен жетістіктерге жетіп, хан, батыр немесе би атанатыны айтылады. Бұл мотив халықтың басшыға қоятын негізгі талаптары мен арман-тілектерін көрсетеді.

Мақалада Абылай хан, Ораз-Мұхаммед, Әбілхайыр хан және басқа да тарихи тұлғалардың өмір жолы мен олардың фольклордағы бейнесі салыстырмалы түрде қарастырылады.

Сонымен қатар, мақалада жетімдікке деген халықтың көзқарасы, оның мәдени және әлеуметтік мәні кеңінен ашылады. Бір жағынан, жетімдерге деген аяушылық сезімі, оларды қолдау мен қорғау дәстүрі қарастырылса, екінші жағынан, кейбір аңыздар мен наным-сенімдерде жетімдікпен байланысты теріс көзқарастар да кездесетіні айтылады.

Мақалада жетімдік мотивін талдауда салыстырмалы-тарихи және сипаттамалық әдістер қолданылған. Бұл түркі халықтарының фольклорындағы ортақ сюжеттерді анықтауға, олардың тарихи негіздерін ашуға және халықтың рухани мұрасындағы жетімдік феноменін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: фольклор, тарихи фактілер мен фольклор, салыстырмалы талдау, аңыз, фольклор жанры, жетімдік мотиві, ортақ сюжет.

ДЕТСТВО ВЕЛИКИХ ЛИЧНОСТЕЙ В ФОЛЬКЛОРЕ НАРОДОВ ТЮРКСКОГО МИРА

Мұратқызы М.* – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Журсиналина Г. К. – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Алтыбаева А. Б. – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Ақдаuletova Ж. А. – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

В данной статье рассматривается мотив сиротства в фольклоре тюркских народов. Образ сироты – один из часто встречающихся и глубоко символических сюжетов в устном народном творчестве. Однако эта тема до сих пор остается малоизученной с научной точки зрения. В мифах, легендах, эпосах и исторических песнях тюркских народов особое место занимают образы сирот, которые впоследствии становятся героями или правителями. В статье детально анализируются особенности формирования этих фольклорных персонажей и их связь с историческими личностями.

В статье определяется роль мотива сиротства в мировоззрении и социальной структуре тюркских народов. В народных произведениях сирота часто сталкивается с трудностями и притеснениями, но со временем достигает успеха, становясь ханом, батыром или бием. Этот мотив отражает основные требования и ожидания народа к своему лидеру. В статье проводится сравнительный анализ исторических личностей, таких как Абылай хан, Ораз-Мухаммед, Абулхаир хан и других, с их образами в фольклоре.

Кроме того, исследуется отношение народа к сиротству, его культурное и социальное значение. С одной стороны, рассматриваются традиции поддержки и защиты сирот, с другой – анализируются мифологические представления и предрассудки, связанные с сиротами.

В статье используются сравнительно-исторический и описательный методы анализа мотива сиротства. Это позволяет выявить общие сюжеты в фольклоре тюркских народов, раскрыть их исторические основы и глубже понять феномен сиротства в духовном наследии народа.

Ключевые слова: фольклор, исторические факты и фольклор, сравнительный анализ, легенда, жанр фольклора, мотив сиротства, общий сюжет.

THE CHILDHOOD OF GREAT FIGURES IN THE FOLKLORE OF TURKIC PEOPLES

Muratkyzy M.* – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Zhursinalina G.K. – Candidate of Philological Sciences, acting Associate Professor of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Altybayeva A.B. – Master of Arts, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Akdauletova Zh.A. – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

This article examines the motif of orphanhood in the folklore of Turkic peoples. The image of an orphan is one of the most frequently encountered and symbolically rich themes in oral folk arts. However, this topic remains understudied from a scientific perspective. In the myths, legends, epics, and historical songs of Turkic peoples, orphaned heroes and rulers occupy a significant place. The article provides a detailed analysis of the formation of these folklore characters and their connection to historical figures.

The study explores the role of the orphanhood motif in the worldview and social structure of Turkic people. In folk narratives, an orphan often faces hardships and oppression but later achieves great success, becoming a khan, warrior, or judge. This motif reflects the people's fundamental expectations and ideals for their leader. The article includes a comparative analysis of historical figures such as Abylai Khan, Oraz-Muhammad, Abulkhair Khan, and others, examining their representations in folklore.

Additionally, the research delves into public perceptions of orphanhood and its cultural and social significance. On the one hand, it discusses traditions of supporting and protecting orphans, while on the other, it examines mythological beliefs and prejudices associated with orphanhood.

The article employs comparative-historical and descriptive methods to analyze the orphanhood motif. This study helps identify common plots in the folklore of Turkic people, uncover their historical foundations, and deepen the understanding of orphanhood as a phenomenon in the spiritual heritage of these cultures.

Key words: *folklore, historical facts and folklore, comparative analysis, legend, folklore genre, motif of orphanhood, common plot.*

Қысқашы. Фольклордың тарихи шындықпен байланысы – фольклортану ғылымының маңызды мәселелерінің бірі. Бұл мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеу өте күрделі және көпқырлы: «фольклор және тарих», «тарихи шындық пен фольклор» мәселелері фольклортанудың қалыптасуы мен дамуы кезеңінде әрдайым бірге жүріп, арнайы зерттеулердің нысаны болып келеді. Сондай-ақ, фольклорлық туындылардан «таза тарих» жасаған ғалымдар мектебі болғаны белгілі. Мұндай ғылыми әрекеттің негізсіз болмағаны анық, өйткені фольклор – филологиялық әрі тарихи маңызы бар мұра.

Фольклор екі ғылымның тоғысында орналасқан және белгілі бір дәуірде өмір сүрген тарихи тұлғалар туралы баяндайды. Ол, әдетте, тікелей немесе жанама түрде тарихи оқиғалармен және шынайы өмірмен байланысты. Алайда, біздің ойымызша, фольклорлық шығарма тарихи оқиғалар мен тұлғаларды айтарлықтай өзгеше сипаттайды. Фольклордың түрлі жанрлары шындыққа әртүрлі дәрежеде жақын келеді. Мысалы, жырлар мен ертегілер, тарихи поэмалар мен аңыздар тарихи оқиғаларды әртүрлі деңгейде бейнелейді. Егер ертегілерде тарихи шындық өте сирек әрі бұлдыр болып келсе, батырлық поэма мен тарихи эпоста шындық айқынырақ көрінеді. Екінші жағынан, аңыздарда болған оқиғалардың ізі әлдеқайда басым, тіпті кейбір жағдайларда тарихи аңыздардың сюжеті тарихи құжаттардың мазмұнымен сәйкес келеді. Сондықтан аңыздарды тарихтың дереккөзі немесе, ең болмағанда, тарихи құжат ретінде қарастыруға болады.

Халықтың ауызша тарихи ретінде бағаланатын аңыздарға «таза тарих» ретінде қарауға болмайды және ондағы оқиғалардың алғаш тараған сәтінен бастап еш өзгеріске ұшырамағанын, шындықтың сол қалпында сақталғанын толықтай мойындау мүмкін емес. Басқаша айтқанда, аңыз деректерінің барлығын шынайы деп қабылдау дұрыс емес. Аңыз құрамына енген кез келген нақты тарихи факт уақыт өте өзгеріске ұшырайды, ол тарихи жағдайға және сол дәуірде өмір сүрген ұрпақтың көзқарасына сәйкес іріктеліп, өңделеді. Ескі түсініктердің орнына жаңа ұғымдар мен танымдар келеді. Біз С. Қасқабасовтың мына пікірімен келісеміз: «Аңыз жанры, жалпы фольклор сияқты, анахронизмдерден тұрмайды. Біріншіден, ол ауызша тарағандықтан, екіншіден, оқиға баяндалғаннан бері ұзақ уақыт өткендіктен, үшіншіден, аңызға көркемдік элементтер әсер еткендіктен, аңыздағы оқиға көмескіленіп, оқиғаның бірнеше нұсқасы пайда болады, тіпті баяндау уақыты да өзгеріске ұшырайды» [1, 124-6.].

Мақаланың негізгі **мақсаты** – салыстырмалы-сипаттамалық әдісті басшылыққа ала отырып, түркі халықтарына ортақ жетімдік мотивтерін халық жадында және тарихи фактілерде сақталған аңыздар арқылы анықтау.

Міндеттері. Әлемдік фольклордағы танымал тұлғалардың өмір тарихынан жастық шақтағы жетімдік сюжеттерін анықтау; Жетімдік мотиві болашақ билеушінің өмірбаянының ажырамас бөлігі екенін дәлелдеу; Фольклорлық кейіпкер мен тарихи тұлғаның «ерекше балалық шағының» бейнеленуін көрсету.

Материалдар мен әдістер. Жас кезінде жетім қалып, беделді көсемнің қамқорлығында ер жетіп, билеуші дәрежесіне жеткен ақсүйектік әулет тарихы – қазақ және түркі фольклорында кең таралған сюжеттердің бірі. Бұл сюжеттің тарихи аңыздарға тұрақты түрде сілтеме жасауы халық эстетикасынан бастау алатын көркемдік әдістердің әсерін көрсетеді.

Түркі және қазақ фольклорында мұндай көркемдік әдістің берік орнығуына жас кезінде жетім қалған Пайғамбар Мұхаммедтің, қиындықтарды еңсеріп, даңққа жеткен «хандардың ханы» Шыңғысханның өмір тарихы айтарлықтай ықпал етті. Ортағасырлық генеалогиялық дәстүрде жазылған «Жами ат-тауарих» еңбегінің авторы, хан сарайында қызмет еткен Қадырғали Жалайыри де Шыңғысхан ұрпағы Ораз-Мұхаммедтің өмірбаянын осы тәсілдерді қолдана отырып жазған. Ол тарихи-

генеалогиялық еңбектердегі Шыңғысхан ұрпақтары туралы мәліметтер мен ел ішінде таралған аңыздық әңгімелердің көркемдік ерекшеліктерін пайдаланып, билеушінің жастық шағын халыққа әсерлі етіп жеткізуге тырысқан.

Үйсін Майқы бидің Алашаны қамқорлығына алуы және хан сайлауына қатысуы XVIII ғасырдағы Абылай хан туралы аңыздарда жаңғырып отырады. Үйсін Майқы бидің ұрпағы, кезінде өзі де жетім қалған Үйсін Майқы жат жерден (Үргеніш, Бұхара, Түркістан) қазақ даласына келіп, «Қазақ – менің елім, Сарыарқа – менің жерім» деп, Үйсін Төлені қамқорлығына алып, өз баласындай тәрбиелейді.

Бала Сабалақ деп аталып, әуелі түйе, кейін жылқы бағады. Би оны түрлі сынақтардан өткізіп, оның тектілігін тексереді. Қазақтың даңқты батырлары – Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбай жауға қарсы күш біріктіріп, жорыққа аттанғанда, олар Үйсін Төлеге ақ батасын алуға келеді. Осы кезде олар жас Абылайды да өздерінің қатарына қосады. Кейін бұл бала үш жүздің ханы атанады.

Осылайша, қазақ аңыздарының логикасына сәйкес, XVIII ғасырда үш жүздің билеушісі болған Абылай хан бір кездері Алаша ханның қамқоршысы болған Үйсін Майқы бидің ұрпақтарының қолында тәрбиеленіп, олардың батасын алу үшін сынақтан өтуі қажет болған [2, 27-б.].

Төле би жас Абылайдың қалыптасуына қатысқаны туралы аңыз тарихи шындықтан гөрі аңызға жақынырақ. Осы ретте Алаш және Сабалақ-Абылай дәстүрлерінің логикалық тізбегін сызып көрсетеміз: Алаш ұлын үш жүзге билеуші ету үшін Майқы бидің өзі ізденіп, табады. Ал жас Абылай Төле биге келеді, себебі, біріншіден, оның басты мақсаты білім емес, үш жүзді бір мемлекетке біріктіру болды. Екіншіден, халық рулық ақсүйектерге сүйенетін, сыртқы қауіп-қатерге тойтарыс бере алатын біртұтас күшті билеушіні армандады. Күшті рудың идеологиясына негізделген патриархалдық-рулық қоғамды қуатты материалдық қамтамасыз ету, халық қисыны бойынша, барлық жүздерге болашақ ханды Микей би мен оның ұрпақтары көтеру керек деген ұсыныс жасады. Болашақ билеушісі Абылайдың Төле би сияқты атақты тұлғаның қолында білім алуы болашақ хан бейнесін идеализациялайды. Арғы атасы Абылай, Ұзын оқты Оңдан-Сұлтан соттан қашып, адам өлтіріп, Төле бидің әкесі Әлібектің қамқорлығында болады. Әрине, әке Төле би мен Абылай атасы өмір сүрген кезеңдері сәйкес келмейді. Сондықтан бұл деректі көркем әдебиет – қазақ халқының халық өнерінің туындысы деуге болады [3, 314-б.].

Нәтижелер мен талқылау. Әлемдік фольклорда белгілі тұлғалардың жастайынан жетім қалып, елден жыраққа кетіп, аңшылықпен айналысуы немесе қарапайым адамдардың қолында бақташы болып еңбек етіп, кейіннен өз заңды тағына отыруы кең таралған сюжет. «Жетімдік – болашақ билеушінің өмірбаянының ажырамас бөлігі. Бұл мотив фольклорлық кейіпкердің «ерекше балалық шағын» сипаттауда маңызды рөл атқарады. Батырдың төменнен жоғарыға қарай көтерілуінің тұрақты формасы болып табылады, халық эстетикасынан туындаған көркемдік әдіс – оның ұлы тұлға ретіндегі мәртебесін асқақтату мақсатында қалыптасқан» [4, 188-б.].

Түркі-моңғол халықтарының танымал эпостық дастандары мен аңыздарының әйгілі батырларының басым бөлігі жетім қалған. Мысалы, Манас, Қорқұлы, Жаңғар (Джангар) сынды атақты эпостық кейіпкерлер жетім болып, бақташы қызметін атқарған. Ноғай жырларындағы басты кейіпкерлердің бірі – Едіге батыр ата-анасынан айырылып, бала күнінде қой бағып, бақташы болып өседі [5, 52,53-б.].

Қазақ және башқұрт аңыздары бойынша, «әкесіз туған жетім» болғаны үшін ағайындары қуып жіберген Шыңғысхан туған жерін тастап, жат жерде аңшылықпен күн көрген [6, 66-б.].

Бұл кейіпкерлер жетімдік тағдыры үшін әділетсіз қудалауға ұшырағанымен, кейіннен туған жеріне қайта оралып, даңқты батыр немесе билеуші атанады. Е.М. Мелетинскийдің пікірінше, жетімді саяси күрес, тақ таласы мен жазықсыз азап шегу негізінде қудалау – классикалық эпостың айрықша белгілері [7, 57-б.]. Болашақ билеушінің «ерекше балалық шағы» Батыс Еуропа елдерінің фольклорында да кездеседі [8, 24-б.].

Жетімдік тек фольклорлық шығармаларда ғана емес, тарихи тұлғалардың ресми өмірбаяндарында да ерекше орын алады. Моңғол империясының негізін қалаушы Шыңғысхан 9 жасында әкесінен айырылған [9, 52-б.]. Өзбек мемлекетін құрып, оны Әмір Темір ұрпақтарынан тартып алған Мұхаммед Шайбани әкесіз қалып, бала кезінде атасы Әбілхайыр ханның қамқорлығында болды. Хан оны тәрбиелеуге ұйғыр Бай-Шайқы Көкелташқа тапсырды [10, 97,98-б.].

Батырдың жас кезінде жетім қалуы және зорлық-зомбылыққа ұшырауы – XV-XVIII ғасырларда пайда болған аңыздарда кең таралған сюжет. Қазақтың тарихи аңыздарында жетімдіктің төрт түрі кездеседі: 1. Атасы (немесе әкесі) қайтыс болғаннан кейін жетім қалу. 2. Әкенің қысымы немесе әділетсіз қарым-қатынасы салдарынан туған жерінен кетіп, жетім ретінде өмір сүру. 3. Ағайын-туыс тарапынан шеттетіліп, жалғыз қалу. 4. Анадан айырылып, өгей шешенің қолында өсу. Жетім қалған аңыз кейіпкерлері арасында хандар, батырлар, билер және жыраулар бар. Егер хан ұрпақтары беделді билердің қолында тәрбиеленсе, батырлар мен жыраулар жетімдік кезеңінде қарапайым халықтың қамқорлығында болған. Мысалы, XVII ғасырдың басында Ресей империясының Қасым хандығында билік еткен қазақ хандарының ұрпақтары ата-анасынан айырылғанда, оларды ықпалды билер асырап алған. Ондан сұлтанның ұлы Ораз-Мұхаммед әкесі мен атасынан айырылғаннан кейін, Көшім ханның қарсыласы Бекболат бидің ұлы Сейдәк-бидің қамқорлығында болды [11, 123-б.].

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы дүрбелең кезеңде Қазақ хандығының саяси тарихында терең із қалдырған әйгілі Әбілқайыр хан жастық шағында атақты Шақшақ Жәнібектің қамқорлығында болған [12, 95-б.]. XVIII ғасырда ержүректігімен танымал сұлтан Көкжарлы Барақ та жастайынан жетім қалып, өз немере ағасының малын баққан [13, 7-б.].

Қазақтың даңқты ханы Абылай жетім қалғаннан кейін, әуелі немере ағасы Әбілмәмбет ханның қолында, кейін Үйсін Төле мен Жақсылық Дәулетбайдың қолында бақташы болып еңбек еткен. «Ол он екі жасында Оразаулық есімді бақташы баламен бірге Түркістанға келіп, Әбілмәмбет ханның қарамағында жұмыс істейді. Бірақ ол жерде тұрақтай алмай, Үйсін Төленің түйелерін бағады. Ол жерде де ұзақ тұрақтамай, Сарыарқаға бет алып, Атығай, Қарауыл еліне келеді де, бай Дәулеткелдінің жылқысын бағады» [14, 303-б.].

Кейбір аңыздарда Абылай ерте жасында жетім қалып, бай адамның қолында қызмет еткен. Байдың қатігез қарым-қатынасына шыдамаған бала бірнеше рет қашып кетеді, бірақ бай оны ұстап алып, одан әрі қорлайды. Ақыры, он бес жасар Абылай бір топ жас жігіттермен қосылып, жорыққа аттанып, жауынгерлік өмірді бастайды. Бірнеше сәтті жорық жасап, ерлігі мен батырлығының арқасында ол мол байлыққа ие болып, танымал тұлғаға, кейіннен ханға айналады [15, 257-б.].

Ораз-Мұхаммед, Әбілқайыр, Абылай, Көжәл Барақ сияқты тарихи тұлғалардың қарапайым халықтың арасында өсіп, тәрбие алуы – биліктің патриархалды-демократиялық сипатының, халыққа деген үлкен жанашырлық пен қамқорлықтың көрінісі. Халық билеуші ханның тағдыры қарапайым халықтың өмірімен ұқсас болуын тілеп, ел билігіне өз еңбегі мен ерлігі арқылы жеткен адамды көксеген [16, 37-б.].

Кейбір аңыз кейіпкерлері ата-анасы бола тұра жетім қалған. Мысалы, Алаша ханның бастан кешкен сынақтарын атап өтуге болады. Анасының құрсағында ерекше белгімен дүниеге келген оны әкесі туған жерінен қудалап, алыс аймаққа жер аударады. Жетім қалған Алаша аңшылықпен күнелтеді. Кейіннен ол қазақтың үш жүзінің ханы атанып, Бұхараны билеген әкесінен тәуелсіздік алады. Алаша ханның жағдайы Оғыз қағанның тағдырымен ұқсас. Оның әкесі Қара хан дінсіз болып, мұсылман болып туған ұлын өлтіруге тырысады. Алайда, Оғыз әкесіне қарсы соғыс ашып, оны жеңіп, елін өз билігіне қайтарып, мұсылмандыққа енгізеді [17, 28-б.].

Тарихи аңыздарда қазақтың даңқты батырлары жетімдікті және кедейлікті бастан өткеріп, есейгенде мықты әрі қайратты болады. Халық санасында жетім өсіп, ерлікке жеткен тұлға – қайсар, ержүрек, елі үшін жанын беретін батыр бейнесінде қалыптасқан. Мысалы, XVI ғасырда өмір сүрген батыр Алшын Жалаңтөс атасының әкесі Ораз ерте жасында ата-анасынан айырылған. Дегенмен, табиғи алғырлығы мен қайратының арқасында даңққа бөленіп, Өмір Темірдің бас кеңесшісі дәрежесіне дейін көтерілген [18, 4-б.]. Даңқты Байдібек батыр үш жасында ата-анасынан айырылып, соғыс кезінде жетім қалған. Ол ағаларының қамқорлығында өсіп, ержеткенде Үйсін Шынтас есімді байдың жылқысын баққан [19, 17-б.].

Қорытынды. Жетімдік – бұл қазақ жыраулары, ақындары мен билерінің тағдырында кездесетін трагедия. XVIII ғасырда өмір сүрген, «Жерұйықты» іздеген Асан Қайғы да жетім өседі [20, 6-б.]. Асан Қайғының әкесі Сабит құстар мен жануарларға бай мекен іздеуге кетіп, ұлы Асан жетім қалады. Жас жігіт болғанда, ол әкесінің жолын қуып, халқы үшін жайлы қоныс іздейді. Ол Әз-Жәнібектің кеңесшісі болып, халықтың мүддесін қорғап, туған жерінің мұңын жырлаған. Ал Бұхар жырау Абылай ханның кеңесшісі, халық атынан ханмен сөйлескен, қара халықтың қамын ойлаған, әділдігін батыл жеткізген данагөй болды. Осындай тағдыр би тұлғаларына да тән.

Мақалада талданған жетімдік сюжеттеріне сүйене отырып, біз келесі қорытындыларға келдік:

- Жетімдік мотиві әлемдік фольклордағы көптеген тарихи тұлғалардың балалық шағында кездеседі;
- Мақалада бала кезінен жетім болып, жоғары дәрежеге жеткен белгілі тұлғалар анықталды;
- Жетімдік статусына сәйкес келесі жіктеу жасалды: әкесінен айырылған жетім; әкесінің қысымына ұшырап, жетімдікті сезінгендер; бауырлары тарапынан шеттетілгендер; өгей ана тәрбиесінде болғандар;
- Мақалада еңбексүйгіштігі, батырлығы арқылы танылған тарихи тұлғалар көрсетіліп, жетім бола тұра, халыққа адал қызмет етсең, ел билеушісі, хан болуға болатыны дәлелденді.

Жетімдік мотиві – халық ауыз әдебиетінің кең таралған жанрларының бірі болып табылады. Жетім, қараусыз қалған балалар мәселесі қай заманда да өзекті болған. Жетімдік – қоғамдағы ең өткір, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті құбылыстардың бірі. Қоғамның бір бөлігі бұл мәселені көтеріп, түрлі жанрлардағы шығармалар арқылы оған назар аудартып, жетімдерге рухани, моральдық және материалдық көмек көрсетуді мақсат етеді. Бүгінде жетімдік әлеуметтік тұрғыда қоғамның қатыгез қарым-қатынасы арқылы көрінеді. Екінші жағынан, жетімдер мен қараусыз қалған жандарға Жаратушының қамқорлығы бар деген сенім қалыптасқан. Осы түсінік жетімдерге қамқор болуды мәртебелі әрі қасиетті іс ретінде қарастыруға негіз болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. [Мәтін]: монография /С. Қасқабасов.- Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
2. Әбсадықов А. Абылай хан ғұмырнамасы: миф пен шындық. [Мәтін]: монография / А. Әбсадықов. – Астана: Фолиант, 2005. –140 б.
3. **Abdasadyk A. at al. Abylai khan: a historical figure and a folklore character** (case study of legends about the orphanage of the ruler) [Text] /A. Abdasadyk, O. Isenov, A. Taskuzhina, Z. Shahaman, K. Mukhitov // *Astra Salvensis*. – ASTRA, 2021. – no 1. – pp. 325-336.
4. **Қасқабасов С. Ертеп пен эпостың сюжеттік типологиясы** // Қазақ фольклорының типологиясы. [Мәтін]: ғылыми мақала (жинақтағы бөлім) / С. Қасқабасов. – Алматы: Ғылым, 1981. – Б.235-266.
5. **Едіге батыр**. [Мәтін]: ғылыми басылым (жинақ) / Алматы: Ғылым, 1996. -368 б.
6. **Аникин В.П. Художественное творчество в жанрах сказочной прозы (К общей постановке проблемы)** [Текст]: научн.стат. / В.П. Аникин // Русский фольклор. Русская народная проза. Ленинград: Изд-во АН СССР, 1972. – Т.13. – с.66
7. **Мелетинский Е.М. Народный эпос** [Текст]: монография / Е.М. Мелетинский. – М.: Наука, 1964. – С.50-96.
8. **Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение: Восток и Запад** [Текст]: монография / В.М. Жирмунский. – Ленинград: Наука, 1979. – 493 с.
9. **Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. II том. Лұбсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобы (Алтын түйін) демек-дүр**. [Мәтін]: дерекнама / Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 305 б.
10. **Мағауин М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырда жасаған қазақ ақын, жыраулары**. [Мәтін]: монография / М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1968. – 156 б.
11. **Жалайыри Қ. Шежірелер жинағы**. [Мәтін]: дерекнама / Қ. Жалаири. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
12. **Ерофеева И. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик**. [Текст]: Научное издание /И Ерофеева. – Алматы: Санат, 2002. – 336 с.
13. **Қайырбаев Т. Көк перілі Көкжал Барақ** [Мәтін]: газет материалы / Т. Қайырбаев //Қазақ әдебиеті, 1992. – 5-маусым.
14. **Мәшһүр Жүсіп. Абылай хан дәуірі** [Мәтін]: дерекнама / Құраст. С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1993. – 416 б.
15. **История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Народные предания об исторических событиях и выдающихся людях Казахской степи (XIX-XX вв)** [Текст]: сборн.источн./ Сост. С.Ф. Мажитова. – Алматы: Дайк-пресс, 2007. – Т. 9. – 500 с.
16. **Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос**. [Текст]: монография / В.М. Жирмунский. – Ленинград: Наука, 1974,-726 с.
17. **Фазлаллах Рашид ад-Дин. Огуз-наме**. [Текст]: ист. / Рашид ад-Дин Фазлаллах. – Баку: Элм, 1987. – 128 с.
18. **Есламғалиұлы М. Жалаң төс баһадүр**. [Мәтін]: газет материалы /М.Есламғалиұлы./Егемен Қазақстан. – 1996. – №38.
19. **Төреқұлов Н, Қазыбеков М. Қазақтың би шешендері** [Мәтін]: Оқу құралы /Н. Төреқұлов, М. Қазыбеков. – Алматы: Жалын, 1993. – 1-2 кітап, 400 б.
20. **Смирнова Н. Абылай туралы жыр, аңыздар** [Мәтін]: ғылыми мақала/ Н. Смирнова/ Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, Ғылым, 1979. – 311 б.

REFERENCES:

1. **Kaskabasov S. Kazaktyn halyk prozasy** [Kazakh folk prose]. Almaty, Gylym, 1984, 272 p. (In Kazakh)
2. **Absadykov A. Abylaj han gymyrnamasy: mif pen shyndyk** [The biography of Abylai khan: myth and reality]. Astana, Foliant, 2005, 140 p. (In Kazakh)
3. **Abdasadyk A. at al. Abylai khan: a historical figure and a folklore character** (case study of legends about the orphanage of the ruler). *Astra Salvensis*, ASTRA, 2021, no 1, pp. 325-336.
4. **Kaskabasov S. Ertek pen epostyn syuzhettik tipologiyasy**. *Kazak folklornyn tipologiyasy* [The plot typology of fairy tales and epics. The typology of Kazakh folklore]. Almaty, Gylym, 1981, pp. 235-266. (In Kazakh)
5. **Edige batyr** [Edige the Warrior]. Almaty, Gylym, 1996, 68 p. (In Kazakh)
6. **Anikin V.P. Hudozhestvennoe tvorchestvo v zhanrah neskazochnoj prozy' (K obshej postanovke problemy'** [Artistic creativity in the genres of non-fairytale prose (on the general statement of the problem)]. *Russkij fol'klor. Russkaya narodnaya proza*. Leningrad: Izd-vo AN SSSR, 1972, vol.13, 66 p. (In Russian)

7. **Meletinskij E.M. Narodny'j e'pos.** [Folk epos]. Moscow, Nauka, 1964, pp. 50-96. (In Russian)
8. **Zhirmunskij V.M. Sravnitel'noe literaturovedenie: Vostok i Zapad** [Comparative literature: east and west]. Leningrad, Nauka, 1979, 493 p. (In Russian)
9. **Kazakstan tarihy turaly mongol derektemeleri. II tom. Lybsandanzan. Ezhelgi handar negizin salgan torelik zhosygynyn tuyndylaryn kyrastyryp, tyjindegen Altyn tobchy (Altyn tujin) demek-dyr** [Mongolian sources on the history of Kazakhstan. Volume II. Lubsandanzan. The "Altan Tobchi" (Golden Summary), compilation and conclusion of the judicial practices established by ancient khans]. Almaty, Dajk-Press, 2005, 305 p. (In Kazakh)
10. **Magauin M. Kobyz saryny. XV-XVIII gasyrda zhasagan kazak akyn, zhyraulary** [The melody of kobyz: Kazakh poets and bards of the 15th-18th centuries]. Almaty, Zhazushy, 1968, 156 p. (In Kazakh)
11. **Zhalajyri K. Shezhireler zhinagy** [Collection of Genealogies]. Almaty, Kazakstan, 1997, 128 p. (In Kazakh)
12. **Erofeeva I. Han Abulhair: polkovodec, pravitel' i politik** [Khan Abulkhair: commander, ruler, and politician]. Almaty, Sanat, 2002, 336 p. (In Russian)
13. **Kajyrbaev T. Kok perili Kokzhal Barak** [The blue-spirited Kokzhal Barak. Kazakh literature]. *Kazak adebieti*, 1992. (In Kazakh)
14. **Mashhur Zhusip. Abylaj han dauiri** [The era of Ablai Khan]. S. Dauitov, Almaty, Zhazushy, 1993, 416 p. (In Kazakh)
15. **Mazhitova S.F. Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah XVI-XX vekov. Narodny'e predaniya ob istoricheskikh sobyt'iyah i vy'dayushhihsya lyudyah Kazahskoj stepi (XIX-XX vv)** [The history of Kazakhstan in Russian sources of the 16th-20th centuries. Folk legends about historical events and outstanding figures of the Kazakh steppe (19th-20th centuries)]. Almaty, Dajk-press, 2007, vol. 9, 500 p. (In Russian)
16. **Zhirmunskij V.M. Tyurkskij geroicheskij e'pos** [Turkic heroic epos]. Leningrad, Nauka, 1974, 726 p. (In Russian)
17. **Fazlallah Rashid ad-Din. Oguz-name** [The Book of Oghuz]. Baku, E'lm, 1987, 128 p. (In Kazakh)
18. **Eslamgaliyly M. Zhalan tos bahadyr** [Zhalantos the Hero]. Egemen Kazakstan, 1996, no 38. (In Kazakh)
19. **Torekylov N., Kazybekov M. Kazaktyn bi sheshenderi** [Kazakh judges and wise orators]. Almaty, Zhaly, 1993, 400 p. (In Kazakh)
20. **Smirnova N. Abylaj turaly zhyr, anyzdar. Kazak tarihi zhyrlarynyn maseleleri** [Poems and Legends about Abylai. Issues of Kazakh historical poems]. Almaty, Gylm, 1979, 311 p. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

*Мұратқызы Мира** – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қаласы, Сиянов көш, 64, тел. +7-708-125-32-88, e-mail: mira_1982@mail.ru.

Журсиналина Гүлжанат Құрмашевна – филология ғылымдарының кандидаты, филология және практикалық лингвистика кафедрасының қауымдастырылған профессордың м.а., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., Амангелді көш, 72, тел. +7-777-191-86-03, e-mail: guljan_zhurs@mail.ru.

Алтыбаева Акжан Бахитжановна – гуманитарлық ғылымдарының магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қаласы, Победа көш, 32А, тел. +7-775-411-55-83; e-mail: akgan1975@mail.ru.

Ақдаулетова Жанар Ашимовна – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000 Қостанай қаласы, Самал көш, 23, тел. +7-747-799-20-10; e-mail: ermekbaev2010@mail.ru.

*Мұратқызы Мира** – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан, 110000, г.Костанай, ул. Сиянова, 64, тел. +7-708-125-32-88, e-mail: mira_1982@mail.ru.

Журсиналина Гулжанат Курмашевна – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Амангельды, 72, тел. +7-777-191-86-03, e-mail: guljan_zhurs@mail.ru.

Алтыбаева Акжан Бахитжановна – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет име-

ни Ахмет Байтұрсынұлы, Қазақстан, 110000, г.Костанай, ул. Победы 32А, тел. +7-775-411-55-83, e-mail: akgan1975@mail.ru.

Ақдаулетова Жанар Ашимовна – магистр филология, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Қазақстан, 110000, г.Костанай, ул. Самал, 23, тел. +7-747-799-20-10, e-mail: ermekbaev2010@mail.ru.

Muratkyzy Mira* – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 64 Siyanov Str., tel.: +7-708-125-32-88, e-mail: mira_1982@mail.ru.

Zhursinalina Gulzhanat Kurmashevna – Candidate of Philological Sciences, acting Associate Professor of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan 110000, Kostanay, 72 Amangeldy Str., tel. +7-777-191-86-03, e-mail: guljan_zhurs@mail.ru.

Altybayeva Akzhan Bakitzhanovna. – Master of Arts, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 32A Pobedy Str., tel.: +7-775-411-55-83, e-mail: akgan1975@mail.ru.

Akdauletova Zhanar Ashimovna – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 23 Samal Str., tel.: +7-747-799-20-10, e-mail: ermekbaev2010@mail.ru.